

«Жеңіс пен жеңіліс»

Жеңістер бар даңқы басым,
адам айтса сенгісіз,
Заман өте ұмытылатын,
аты-заты белгісіз.
Қасіреті көп болса да,
қасиеті өшпейтін,
Тарихта жеңіліс бар –
жеңістерге бергісіз.

Төлен Әбдік

Құнанбай көшесі -123А,
Әдістемелік-
библиографиялық бөлім
gucbs@mail.ru

Ерейментау ауданы ішкі саясат, мәдениет
және тілдерді дамыту бөлімінің
жанындағы КММ
«Орталықтандырылған кітапханалар
жүйесі»

Бір ел - бір кітап



Төлен Әбдік
“Парасат майданының
жауынгері”

2023 ЖЫЛ


2023 жылы "Бір ел - бір кітап" республикалық акциясы аясында белгілі драматург, жазушы, қоғам қайраткері - Төлен Әбдіковтың шығармаларын оқитын боламыз.



Төлен Әбдікұлы 1942 жылы 4 қыркүйекте Қостанай облысы Жангелді ауданы "Еңбек" ауылында дүниеге келген.

1965 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (бұрынғы Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті)нің филология факультетін бітірген.

1965 - 1970 жылдары "Қазақстан пионері" (қазіргі "Ұлан") газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі болып жұмыс істеген.



1970 - 1977 жылдары

"Жалын" альманағында бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары.

1977 - 1979 жылдары "Қазақфильм" киностудиясында бас редактор.

1979 - 1990 жылдары Қазақстан Коммунистік партиясының орталық комитетінде жауапты қызметте болды.

1990 - 1992 жылдары "Қазақ әдебиеті" газетінің бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының екінші хатшысы болды.

1993 жылдан Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігінде сектор меңгерушісі.

1997 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Президенті аппаратының ішкі саясат бөлімі меңгерушісінің бірінші орынбасары қызметін атқарған.

Драматург Жолтай-Жұмат Әлмашұлы «Жазуы бөлек, төгілісі тың, шабысы өзге, айтары астарлы қазақ қаламгері Төлен Әбдік» десе, «Өз қатарынан жеке дара интеллектуал жазушы» дейді Төлен Әбдік туралы Жүсіпбек Қорғасбек. Суреткер, оның шығармашылығы жайында алдыңғы буын, өзінің замандастары және кейінгі буын қаламгерлері аз айтпады. Әлі де талай айтылады деп ойлаймыз.

